

**АХМЕТ ЯСАУИ атындағы ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ**

**ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ**

**ТАРИХ КАФЕДРАСЫ**

**МЕЖДУНАРОДНЫЙ КАЗАХСКО-ТУРЕЦКИЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АХМЕД ЯСАУИ**

**ФАКУЛЬТЕТ ГУМАНИТАРНЫХ НАУК**

**КАФЕДРА ИСТОРИЯ**



Түркістан Мұхтарияты мен Алаш Орда автономияларының 100 жылдығына арналған «ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕК ОҚУЛАРЫ 2017» атты VIII республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ**

VIII республиканской научно-практической конференция посвященной 100 летию Туркестанского Мухтариата и Алашординской автономии  
«УЗБЕКАЛИ ЖАНИБЕКСКИЕ ЧТЕНИЯ-2017»

**3 наурыз 2017**

**Түркістан**

**ӘОЖ 94(574)**

**КБЖ 63.3 (5Қаз)**

**Ө-25**

Баспаға А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті гуманитарлық ғылымдар факультетінің Ғылыми кеңесі ұсынған (Хаттама №4 19.02.2017)

**Редакциялық алқа мүшелері**

**Раимбердиев Т.П.** - А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің вице-президенті, техн.ғ.д., профессор алқа төрағасы

**Базарбаев Қ.** – философия докторы, «Тарих» кафедрасының меңгерушісі, редакциялық алқа төрағасының орынбасары

**Жетібаев К.** – т.ғ.к., профессор, А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Археология орталығының директоры

**Төлегенов Е.** - т.ғ.к., доцент, Гуманитарлық ғылымдар факультетінің деканы

**Түрсүн Х.М.** - т.ғ.д., «Тарих» кафедрасының профессоры, жауапты редактор

Ө25 «Өзбекәлі Жәнібек оқулары - 2017» VIII рес. ғыл.-тәжіриб. конф. мат. Түркістан. Наурыз. 486 б.: «Узбекали Жанибекские чтения-2017» мат. VIII респ. науч.практ. конф. 2017 г. март – Туркестан: 2017.- 486 с.

ISBN 978-601-243-833-8

Жинаққа Түркістан Мұхтарияты мен Алаш Орда автономияларының 100 жылдығына арналған ғылыми-практикалық конференцияға қатысушы ғалымдардың тарих, педагогика және білім берудің инновациялық технологиялары, филология, экономика және құқық, философия, әлеуметтану ғылымдары бойынша жазылған мақалалары енгізілген. Жинақ ғалымдарға, докторанттар мен магистранттарға, студенттерге және көпшілікке арналған.

**УДК 94(574)**

**ББК 63.3 (5Қаз)**

ISBN 978-601-243-833-8

©Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ділі бір» дейді халық даналығы. Діл деп жүректі айтамыз. Әркім жүрегінің қалауымен өмір сүреді, әсіресе демократияға бет бұрған біздің елде азаматтарды тілі мен дініне қарап алалаушылық мүлде кездеспейтін құбылыс. Қалағанынша өмір сүруге құқылы. Ал мемлекетті және мемлекеттік тілді құрметтеу әркімнің парызы ретінде белгіленген; өйткені заң талаптарын орындау арқылы ынтымағымызды нығайтамыз, болашағымыздың мұнан да жақсара түсуіне қызмет етеміз.

«Тілдің үштұғырлығы» деген жаңа ұғымға және өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін жетік меңгерген тәжірибесіне біз өте ықыласпен қараймыз. Осы «тілдің үштұғырлығы» деген ұғымның мәнін айта кетейік. Орысшалағанда оны «үшбірлігі» деп жатамыз. Дәл қазір Қазақстан жастары ағылшын тілін өте жақсы, орыс тілін жақсы білуі тиіс. Неге десеніз, біздің қоғамда орыс тілін білмейтін адам кемде-кем. Біздің ғылымымыздың үлкен бастауы орыс тілінде. Тіпті қазіргі жаңашыл ғылыми әдебиеттің көбі орыс тілінде. Ал, ағылшын тілі – бүгінгі және келешектегі біздің әрі өрісіміз, әрі әлеуетіміз. Мұны жастарымыз жақсы түсініп те отыр.

Қазақ тіліне келсек, ол – ұлттығымыз бен елдігіміздің рәмізі. Оны көздің қарашығындай сақтауымыз керек, ең асыл нәрсеміз екенін сезініп қорғауымыз керек. Осы орайда қарым-қатынас құралы ретінде әр тілдің өз орны бар екенін жақсы білеміз. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес қазақ тілі мемлекеттік тіл болып табылады, сондықтан жоғарыда баяндалған мемлекеттік тіл мен оның мәртебесіне қойылған талаптар – қазақ тілі біртіндеп, әрі дәйектілікпен жетуге тиіс нұсқаның негізгі өлшемдеріне айналуы керек.

Барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар мен оның басшылары қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін іске асыруда негізгі жауапкершілікті өз мойнына алады. Қазақ тілін білу, оны қолдану мен насихаттау өкімет органдары тарапынан көтермеленіп отыруға тиіс. Қазақ тілін меңгеру – қазақстандық патриотизмнің құрамдас бөлігі. Мемлекеттік ұйымдарда, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарында мемлекеттік тілмен қатар орыс тілі ресми түрде қолданылады. Бұл орыс тілінің бүгінгі таңда иеленіп отырған әлеуметтік функцияларының толық көлемде сақталуына кепілдік береді. Келешекте ғылым мен техниканың алуан саласы бойынша ақпарат алудың негізгі көзі, жақын және алыс шетелдермен қарым-қатынас құралы болып қала бермек. Елдің экономикалық және ғылыми-техникалық даму мүдделері орыс тілінде алынған білік пен білімнің қажетке асуын айқындап отыр. Кез келген елдің тілдік кеңістігінде мемлекеттік тілден басқа, бір жерге шоғырланған этникалық топтардың тілдері болады. Бұл тілдердің қолданылуы әдетте отбасылық – тұрмыстық сала аясынан аспайды. Ана тілін білу – ана тілін сақтаудың қажетті шарты.

Елдің орнықты дамуы қалай дегенде ұлтаралық келісім мен татулыққа байланысты. Бірлік пен береке сонда ғана орнайды. Қазақстан – осыған қол жеткізген ел.

#### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. *Радченко А.О.* Язык как мирозидение. Лингвофилософская концепция неогумбольдианства. М.: КомКнига., 2006 – 312 с.
2. Энциклопедия. Қазақ тілі: – Алматы, 1998. – 823 б.
3. Қабылдинов З.Е., «Қазақстан тарихы (XVIII ғасыр — 1914 жыл)». – Алматы, 2008. — 352 бет.
4. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы // Егемен Қазақстан. 1997. 15 шілде.
5. «әл-Фараби педагогикасы» оқу құралы. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. – 126 б.

#### **ОТЫРАРДЫҢ ТЕҢГЕЛЕРІ ЖӘНЕ САУДА БАЙЛАНЫСТАРЫ**

*Г.О Байсариева, Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі*

Отырар өңірінен қазба барысында табылған қазіргі ең әуелгі теңге – Мардан мазаратын қазған кезде табылған қытайдың «ушу» теңгесі [1, с. 28-35] болып табылады. «Ушу» теңгесі

император У-ди (б.з.б. 140-86 жж.) кезінде 118 ж. шығарыла бастап, б.з. 621 ж. дейін айналымда болыпты [2, с. 7-9].

III-V ғғ. жататын Көкмардан мазаратындағы қазбаларымыздан янтарь моншақтар табылды. Янтарь негізінен Балт жағалауынан немесе Карпат-Днепрлік өңірде өндірілген. Ол Еділ-Каспий бойымен Хорезм арқылы Орта Азияға тараған деген пікір бар. Археологиялық зерттеулер янтарьдың сауда жолдары Әмудария мен Сырдария өзендері бойымен жүргенін көрсетеді. Орта Азияда янтарь саудасы біздің заманымыздан бұрын бірінші мыңжылдықтың ортасынан бастап б.з. V ғ. дейін кең өріс алған, ал Қытай еліне янтарь бұдан едәуір кейін, тек б.з. III ғ. бастап қана белгілі болған [3, с. 124-133]. Кейбір үш тұғырлы ыдыстардың түрлері Қытайдағы ыдыстарға жақын. Бұл да байланыстардың бағытын көрсетсе керек.

Отырар өңірінде табылған оймышты геммалар ирандық бағыттағы байланыстарды көрсетіп тұр. Мұндай тастар Жетіасар ескерткіштерінде кездескен. Олар III-V ғғ. жатады. Отырар ауданының Маяқұм ауылында тұратын Күляш Орынбаева сақтап келген гемманы Отырар қорық-музейіне тапсырды. Әже бұл тасты ақық деп атайды, минерологияда мұндай тастар халцедон деп аталады. Оны Қызылқұм ішінен тауып алған екен. Тас бетіне үлкен тарам-тарам мүйізді бұғы бейнеленген. Қоңыртөбе мазаратынан бір топ сасанилік геммалар табылып отыр. Сыртқы сауда байланыстарының бағыттарын Отырар қазбаларынан табылған VII ғ. Соғды ихшидтерінің, Ферғананың түркі билеушілерінің, Қытайдың Тан әулеті мен Бұқараның «гитрифи» үлгісіндегі теңгелері, Шаштың VII ғ. аяғы - VIII ғ. басындағы көне түркі теңгелері айғақтап тұр [4, с. 60 - 68]. Бұлар қала аралық, ел аралық сауда байланыстарының көрінісі.

Жергілікті сауда-саттықтың дамуының айқын көрінісі деп жергілікті түркі билеушілері соқтырған бір бетінде арыстан бейнелі, екінші жағында таңбалары бар теңгелерді айтуға болады. Олар Құйрықтөбе, Отырартөбе, Күйікмардан, Алтынтөбе ескерткіштерін қазу барысында табылған. Отырар алқабынан табылған теңгелерді Р.З. Бурнашева зерттеп, үш топқа бөлген. Олар VII-VIII ғғ. жатады және жергілікті сауданы қамтамасыз етті [2, с. 11-12]. Осы теңгелер Отырартөбе, Құйрықтөбе, Қоңыртөбе қалашықтарын қазу барысында табылған. Отырардың төл теңгелері иеліктің қала мен ауыл-аймақ, отырықшы мен көшпелілер арасындағы сауданы қамтамасыз еткен.

Отырарда X ғ. басында ғана мыс теңгелер шығарылды. Олар 922-923 жылдары саманилік әмір Насыр II ибн Ахмад атынан соғылған мыс теңгелер. Осы теңгелерде саманилік әулеттің өкімімен қатар Барабта сол кезде әкім болған кісі есімі Әлі (Али?) көрсетілген [5, с. 124-126]. Отырар-Барабта теңге соғу ісін қаланың экономикалық тұрғыдан өсіп-көркеюінің бір айғағы деп түсінуіміз қажет. «Худуд ал-Алем» атты X ғ. дерегінде «Фараб – бай уалаят, оның бас қаласы Кедер ... бұл саудагерлер жиналатын орын» делінеді [6, с.216].

Отырардың жергілікті сауда-саттығын қамтамасыз ету үшін X ғ. теңге соғылады. Нумизматтар Отырарда саманилік және қарахандық билеушілердің теңге соққанын көрсетті. Мысалы, Нижра бойынша 310 ж. / 922-23 ж. Барабта соғылған саманилік әмір Насыр II мыс теңгесі табылды [64, с. 124-129]. Отырар билеушісі қарахандық Кутлуг Билга-ханның 1199-1201, 1206-1207 жж. жатататын күмістелген мыс теңгелері белгілі. Күмістелген мыс теңгелер 1173-74 жж. соғыла бастап 1210-11 жылдарға дейін болған. Осы аралықта теңгелер төрт үлгіде шыққан. Дирхемдердің екі үлгіде болуы Параб иелігі ішінде сауда саттықтың жақсы дамығанын көрсетеді [5, с. 109-120]. Сонымен қатар Отырарда 1210 ж. және 1217-1918 жж. Мухаммед ибн Текеш соқтырған теңгелер де бар. Отырар саудасында Самарканда, Бұқарада, Шашта, Испиджабта соғылған фельстер жүрді.

Қарахандық хандар атынан Парабта теңгелер шығарылды. Отырар билеушісі Кутлуг Билга-хакан 1199-1201 жж., 1206-07жж. соқтырған теңгелері белгілі. Отырарда өзіне қаратқан Хорезм билеушісі Мұхаммед б. Текеш 1210-11 ж. күмістелген мыс дирхемдер шығарды. 1216-17 ж. және 1217-18 ж. Отырарда Мұхаммед б. Текештың күмістелген мыс дирхемдері соғылған. Отырарда 1271 ж. бастап XIV ғ. басына дейін салмағы екі грамдық күміс дирхемдер, мыс фельстер шығарылды [2, с. 52-53].

2004 ж. көктем айында Арыстанбаб кесенесіне жақын жерде алтын теңгелер мен теңге сынықтарынан тұратын көмбе табылды. Көмбемен алғаш танысу оның құрамында әуелгі монғолдық алтын теңгелер, қарахандық кезеңнің алтын теңгелері жиналғанын көрсетіп тұр. Бұл – Отырарда алтын теңгелердің ақша айналымы ретінде жүргенін көрсетті. Жалпы алтын теңгелер әлемдік валюта, байлық ретінде, халықаралық ақша қызметін қатар атқарған. Осы көмбенің 7 данасының фотосуретін көрген Ресей ғылым академиясының Археология институтының ғылыми қызметкері, т.ғ.к. А.В. Пачкалов келесі анықтама берді. Бұл теңгелердің ішінде XIII ғ. басында Мұхаммед б. Текеш кезінде соғылған теңгелер барын айтты. Оның пікірінше көмбе 1260 ж. кейін көмілген.

XV ғ. басындағы Отырардың ақша айналымында Әмір Темірдің (нижраның 785-786 жж.) Самарқанд пен Хорезмде соғылған мыс теңгелері, Халил-Сұлтанның (нижраның 807-810 жж.), Шахрухтың (нижраның 819 ж.) теңгелері қолданылды. Сыртқы байланыстардың куәсі ретінде 219 теңгеден тұратын «шахрухи теңге» көмбесі бар. Онда Астрабад, Герат, Йезд, Кашан, Кум, Сабзевар, Шираз қалаларында соғылған теңгелер бар [7, с. 16-17].

Құйрықтөбеден табылған теміршілер шеберханасы орамында, 7-қазба орнында сыпа үстінде шыққан теңгелер екі үлгіде. Біріншісі - «теңге мири» диаметрлері 15-18 мм, салмағы 1,35 - 1,5 г., екіншісі одан да ұсақ 10-12 мм, салмақтары 0,4 - 0,45 г. Соңғылар «теңге миридің» 1/3 құраған. Мірі сөзі «ескіше бес тиын».

Мысал ретінде Майлықожаның нақылынан келтірейік:

Боза ішіп бір *міриге* судай тастың,

Суға әкеп сүңгіткенде көзіңді.

Байғұс-ау, жылан емес, кесіртке емес,

Құйрығын айдаһардың қайдан бастың

«Бір мірі кем дүние» деген сөзді естігеніміз бар. Яғни, мірі деп ұсақ тыйынды атаған.


Мири туралы алғаш жазған Темірге елші болып жіберілген испандық Клавихо болды: «Другие товары были тоже так дешевы, что за одно мери, которое стоит полреала, давали полторы фанеги ячменя». Е.А. Давидович оның негізгі күміс теңгенің төрттен бірін құрағанын анықтады. Теңгенің «мири» атауы Темірдің әмір деген лауазымына байланысты, ол Темір атынан шыққан теңгелерге бастапқыда әмірлік дегенді білдірді. Кейін аузыекі қолданыста «амири» «мириге» айналды. Кейін ол әрбір күміс теңгенің төрттен бір бөлігін білдіретін теңгенің атауына айналды деп жазады Е.А. Давидович [8, с. 124-127]. Құйрықтөбедегі көмбе негізінде Р.З. Бурнашева «нимдандық тангача» атты ең майда күміс теңгенің болғанын айтады. Жалпы Темір империясындағы барлық теңгелер Отырарда қолданылды. Темір мен әмір сөздері арасында үш дөңгелекті таңбасы белгіленген. 1415-1416 ж. Отырарда мыс теңге соғылды. Алайда бұл теңге соғу саяси тұрғыдан бағаланады. Отырарда бұдан кейінгі уақытта ақша айналымы негізінен орта азиялық теңгелермен қамтамасыз етілді.

XVI ғ. Орта Азия қалаларының теңгелері Отырарда аз болса да кездеседі. Олар XVI ғ. бірінші жартысында Бұқарада, Андиганда, Мервте, Самарқанда, Қарши, Хутгалияда соғылған теңгелер және Ташкентте, Хисарда, Термезде қайта соғылған теңгелер. Оларда билеуші есімі көрсетілмеген, алайда «зарб» сөзінен кейін соғылған қала аты жазылған. Кейбір Ташкент, Йасы, Андиган теңгелерінде «зарб» сөзінен кейін «фулус» деп көрсетіледі. «Фулус» сөзімен мыс теңгелерді белгілеген. XVI ғ. бірінші жартысында Йасыда соғылған теңгелерде Әділхан (Адилхан) деп көрсетіледі. Осы кезде Қытаймен байланыстар болған деуге негіз бар. Отырарда Цзяцин билеген кезең (1522-1566 жж.) таңбасы бар фарфор табылды (1, в - сурет).

Сырдарияның орта бойындағы қалалар XVI ғ. ортасында негізінен қайта шайбанилардың қолына өтеді. Рузбиханның мағлұматтарына қарағанда, өзбек хандары арнайы жарлық шығарып, Түркістан халқының қазақ саудагерлерімен ешқандай байланыс жасамауын талап еткен [9, с. 42-43]. Бұл, әрине, Дешті Қыпшақ пен ежелден сауда-саттық жүргізіп, өз өнімдерін көшпелілерге шығаратын қалалардың экономикасына үлкен соққы болып тиді.

XVI ғ. екінші жартысына жататын ортаазиялық теңгелер жоқтың қасы. Олардың ішінде Самарқанда, Сауранда Абдоллах хан II билеген кезде соғылған теңгелер бар. Бұл кезде ақша

айналымы негізінен Ташкент пен Йасы теңгелерімен қамтамасыз етілді. Олардың салмағы 4-6 г. Олардың бет жағында «зарб Йасы» немесе «зарб Ташкенд» деген қысқа жазу тән. Кейбір жағдайларда ғана соғылған жылы көрсетілген. Екінші бетте жыртқыш, өсімдік немесе геометриялық өрнек және балық нобайы белгіленген. Ешбір қала



1- сурет. Отырардан табылған қытай фарфоры.

көрсетілмеген, жазуы жоқ теңгелер пайда болады. Олардың бір бетінде жыртқыш, екінші бетінде құс бейнесі немесе жыртқыш пен балық, құс бейнесі мен өсімдік өрнегі бар теңгелер пайда болды [162, с. 44-45].

XVII ғ. бірінші жартысында Отырарда жылы көрсетілмеген, Түркістанда соғылған деген жазуы бар теңгелер пайда болды. Екінші бетте жыртқыш бейнесі бар. Бұл кезде жазуы жоқ бір бетінде жыртқыш бейнеленген, екінші бетінде балық, құс бейнесі бар, ешбір өрнексіз бетті теңгелер де тарады. Теңге тыйынға ұқсас ұсақ мыс қиындылар [7, с. 49]. Отырар көмбелері ішінде Үндістандағы Ұлы Моғолдар әулеті өкілі Шах Джаханның (1629-1658 жж.) төрт теңгесі бар [10, с. 101, прим. 14]. Отырардың базарында негізінен Ташкент пен Йасының мыс теңгелері жүрді. Ортазиялық теңгелермен қатар орыс патшасы Алексей Михайловичтің мыс теңгелері қолданылды. Кейін Л.Б. Ерзакович орыс теңгелерін көмбемен қоса Отырардың XVII ғ. мәдени қабаттарынан кезіктірді [10, с. 104, прим. 27]. Ресей мен Сібір бағытындағы сауда жолдар күшейе түседі. Федор Скибин елшілігінің 1696-1697 жж. есебінде: «Тобольскіден Түркістанға баратын Сауран жолының оң жағында алғашқы қала Сауран ...Түркістаннан оңтүстікке қарай Отров (Отырар) қаласы бар, оған бір күндік жол» делінеді [11, с. 262-263]. Коллеж кеңесшісі Демидовтың жазбасында ол керуен жол өтетін бір нүкте ретінде аталады [12, с. 220]. XVII ғ. Отырардың ақша нарығында джанилік күмістеңгелер пайда болды. 4 күміс көмбе белгілі, оларды негізінен 1611-1642 жж. билік еткен Имам Кули хан теңгелері құрайды. Жалпы айтқанда Отырардығы мыс теңгелердің нашарлай түскені байқалады. Олар дөңгелек пошымын, салмағын жоғалтады, кейбір мыс кесінділер мен дайындамалар бетінде теңгелік таңбалар да жоқ [7, с. 50-54]. Отырарда ақша айналымы құлдырап, XVIII ғ. басында елді мекенде тіршілік мүлдем тоқтайды.

#### Әдебиеттер:

1. Нурмуханбетов Б.Н., Бурнашева Р.З. Погребение с монетами из могильника Мардан (Отрарский оазис) // Известия Академии наук Казахской ССР. Серия общественных наук. 1979, №5. – С. 28 – 35.
2. Бурнашева Р.З. Отрар, Отрарский оазис и Южный Казахстан. Нумизматические исследования по денежному делу южноказахстанских городов VII – XVII вв. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 77 с.

3. Бубнов М.А., Половникова И.А. Янтарь в Средней Азии // Древние цивилизации Евразии. История и культура. – Москва: Восточная литература, 2001. – С. 124–133.
4. Бурнашева Р.З. Монеты с городища Отрар – тобе и Отрарского оазиса // Археологические исследования в Казахстане. – Алма-Ата: Наука, 1973. – С.81 – 90.
5. Давидович Е.А. Бараб – новый среднеазиатский монетный двор Саманидов и Ануштегинов // Письменные памятники Востока. 1972. – Москва: Наука, 1977. – С. 124 – 129.
6. Материалы по истории туркмен и Туркмении. Т. 1. VII - XV вв. Арабские и персидские источники / Под редакцией С.Л. Волина, А.А. Ромаскевича, А.Ю. Якубовского. – Москва - Ленинград: Издательство АН СССР, 1939. – 607 с.
7. Бурнашева Р.З. Денежное обращение в городах Южного Казахстана в XV – XVIII вв. – Туркестан: Туран, 2006. – 255 с.
8. Давидович Е.А. О происхождении и значении термина *мири* в денежном хозяйстве Средней Азии XV- начале XX в. // История и культура народов Средней Азии. – Москва: Наука, 1976, – С.124–127.
9. Абусейтова М.Х. Казахское ханство во второй половине XVI века. – Алма-Ата: Наука, 1985. – 104 с.
10. Ерзакович Л.Б. Раскопки в восточной части Отрара (К вопросу о стратиграфии и хронологии поздних слоев) // Археологические исследования древнего и средневекового Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1980.– С. 96 – 106.
11. Материалы по истории Узбекской, Таджикской и Туркменской ССР. Ч.1. – Ленинград, 1933.
12. Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках. – Алма-Ата: Издательство Академии наук Казахской ССР, 1964. – 742 с.

### **ҚАЗАҚТЫҢ ӘДЕТ-ҒҰРЫП ЗАҢДАРЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ ТУРАЛЫ**

***Балыкова А.М., Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің доценті, т.ғ.к., Арыстанова К., Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің студенті***

Қазақ халқының әдеттегі құқық негіздерінің тарихи бастаулары өте ертеде жатыр. Адам өміріндегі сабақтастық қай кезде де үзілмеген. Бұл - тіршіліктің даму заңдылығы. Көшпелі тіршіліктің ықпалындағы жеке-жеке тайпалар белгілі бір кезеңде одақ болып бірігуі негізінде елді басқаруда жаңа ұйымдар қалыптасып, олармен бірге жаңа құқықтар мен жаңа билік ережелері тәріздес түрлі категориялар да туып отырған, соның нәтижесінде қоғам мүшелері жаңа бір қоғамдық тәртіп билігіне түсу арқылы жалпы халықтық мәдениетке қарай бұрынғысынан гөрі бір қадам болса да ілгерілеп, жаңа бір қоғамдық сананың тууына негіз қалаған. Осындай негіздің алтын арқауы, үзілмей жалғасып келе жатқан заңдылық, ұлан-байтақ қазақ жерін мекендеген ғұн, үйсін қаңлы тайпаларының әр кезеңде өрлеп, күшейіп билік құрғаны болып табылады. Қытай жазба деректеріне сүйенетін болсақ, қаңлы тайпасының ресми құқық жинағы болған. Бұл құқық жинағының негізгі мазмұны толық белгілі болмаса да, қаңлы қоғамы осы ереже бойынша қылмыстыларды жазалап, өрескел ауыр қылмыс жасағандарды өлім жазасына кескен. Әрине алғашқы тайпалық бірлестіктерде шаруашылықтағы ортақтық қауымдық құқықты туындатты. Рулық қатынастағы индивидтің құқығы осы ру ішіндегі әдет-ғұрып арқылы реттелді. Бұл әдеттік-құқық жиынтығы ежелден бастау алып, сипаты жағынан рулық қатынасқа да негізделсе де, көшпенді қоғамдағы құқықтық жағдайдың және құқық салаларының қалыптасуы арқылы мемлекеттік орындарды институттандырудың алғы шартын туғызды. Шаруашылықтың күрделенуінің тарихи жағдайы бастапқы номадтық кезеңнің өзінде «күнә түсінігінен», отбасылық қатынастардан шығып, көптеген әдеттік-құқық нормаларының ішінен қоғамдық қатынастарды реттейтіні бөлініп, қалыптасуына әкелді. Бұл нормалар биліктегі қатынастарға және жеке меншік түрлерінің пайда болуына тікелей байланысты болды [1, 19 б].

## МАЗМҰНЫ

Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ ғылым және инновациялық істер жөніндегі вице-президент Т.П.Раимбердиевтің құттықтауы 3

## ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕК КӨРНЕКТІ ҚОҒАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ, ҒАЛЫМ-ЭТНОЛОГ

<i>Адырбек Б.</i> - Ө.ЖӘНІБЕК ЖӘНЕ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ	4
<i>Байболов Б.</i> - ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКТИҢ РУХАНИ МҰРАЛАРЫ	7
<i>Байжігіт Ғ.Б.</i> - Ө.ЖӘНІБЕК МУЗЕЙ ІСІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУШЫ	11
<i>Данияров Б.</i> - Ө.ЖӘНІБЕК ЖӘНЕ МҰРАЖАЙ	14
<i>Есмырза Ұ.А.</i> - ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫМЫЗДЫҢ ТӨРІНДЕГІ ТӨСЕК АҒАШ ЖАЙЛЫ	16
<i>Жораева Г.Т.</i> - ВКЛАД УЗБЕКАЛИ ДЖАНИБЕКА В ВОЗРОЖДЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕОЛОГИИ КАЗАХСТАНА	18
<i>Отарбаева Г.Т., Мусаева С.Т.</i> - ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕК - ҰЛТТЫҚ МҮДДЕНІҢ ҰРАНШЫСЫ	21
<i>Орынбекова А.Ө., Елжанов Б.Н.</i> - ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІНДЕГІ ТУДЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ МЕН ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДА АЛАТЫН ОРНЫ	24

## ТҮРКІСТАН МҰХТАРИЯТЫ МЕН АЛАШ ОРДА АВТОНОМИЯЛАРЫ – АЛҒАШҚЫ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМДАР СЕКЦИЯСЫ

---

<i>Агзамходжаев С.С.</i> - ОБРАЗОВАНИЕ НАЦИОНАЛЬНО-ДЕМОКРАТИЧЕСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ В ТУРКЕСТАНЕ	29
<i>Тұрсұн Х., В.Таракчы</i> - ТҮРКІСТАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТАРИХЫНЫҢ ӘДІСНАМАСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ	37
<i>Раджабов К.</i> - ЛИКВИДАЦИЯ ПРАВИТЕЛЬСТВА ТУРКИСТОН МУХТОРИЯТИ БОЛЬШЕВИКАМИ И НАЧАЛО БОРЬБЫ ЗА НЕЗАВИСИМОСТЬ В РЕГИОНЕ	41
<i>Ергөбек Е.</i> - Б.КЕНЖЕБАЙҰЛЫ ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН АВТОНОМИЯСЫ	45
<i>Сүлейменова Д.Д.</i> - КҮНБАТЫС АЛАШОРДА МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ЖАҒАНША ДОСМҰХАМЕДОВ	50
<i>Ходжикова С.К.</i> - ВКЛАД СЕМЬИ ХОДЖИКОВЫХ В СТАНОВЛЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ И НАЦИОНАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ	55
<i>Сейдехан Әлібек</i> - АЛАШ РУХЫНЫҢ ЖАРШЫСЫ – СЕЙІЛБЕК ҮСЕНОВ	60
<i>Базарбаев Қ.Қ., Оспанова Г.</i> - ТҮРКІСТАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНДАҒЫ САЯСИ ҚҰРЫЛЫМДАР МЕН ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ	64
<i>Рашидов О.</i> - НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ НАЦИОНАЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ БОЛЬШЕВИКОВ В ТУРКЕСТАНЕ (НА ОСНОВЕ ПРОИЗВЕДЕНИЙ МУСТАФЫ ШОКАЙ И ТУРАРА РЫСКУЛОВА)	69
<i>Байдалы Р. Ж.</i> - АЙДАРХАН ТҮРЛЫБАЕВ ЖӘНЕ АЛАШОРДА	72
<i>Баймаханов Н.Б., Батырбекқызы Г.</i> - АЛАШ АРМАНЫ – БҮГІНГІ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН	76
<i>Дауесова А.Ж., Диярова Б.Ғ.</i> - ЕСЕНҒАЛИ ҚАСАБОЛАТОВ – БАТЫС АЛАШОРДАНЫҢ КӨРНЕКТІ ҚАЙРАТКЕРІ	79
<i>Досыбаева Айткүл, ф.ғ.к.</i> - АЛАШОРДА ЖӘНЕ ЖҮСПЕБЕК АЙМАУЫТОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ	83
<i>Жастлек Н.О.</i> - БАТЫС АЛАШОРДА ҮКІМЕТІНІҢ БАСШЫСЫ – ЖАҒАНША ДОСМҰХАМЕДОВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ–САЯСИ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ «НЕСКОЛЬКО СЛОВ О	87



---

КИРГИЗСКОМ ОБЫЧНОМ ПРАВЕ И НАРОДНОМ СУДЕ» АТТЫ ЕҢБЕГІ	
<i>Жуunisбекова Ж., Батырашева Н.</i> - ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ ХХ ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ШИРЕГІНДЕГІ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫС ЖӘНЕ САЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ	90
<i>Кашапова А.</i> - ОРАЛДА ӨТКЕН ҚАЗАҚ СЪЕЗДЕРІНІҢ ТАРИХЫ	93
<i>Полвонов Н.Т.</i> - ОБ ОБРАЗОВАНИЕ ПАРТИИ МЛАДОХИВИНЦЕВ	99

---

### ТАРИХ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ СЕКЦИЯСЫ

---

<i>Кожя М.Б.</i> - О ТОПОНИМЕ ТУРКЕСТАН	105
<i>Адилбаева Р.Қ.</i> - ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ЗООНИМДІК МЕТАФОРЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ СИПАТЫ	108
<i>Арустамян Я.Ю.</i> - К ВОПРОСУ О ПЕРЕВОДИМОСТИ ХУДОЖЕСТВЕННЫХ ТЕКСТОВ	110
<i>Айтбаева Г.Е.</i> - ЖОО СТУДЕНТТЕРІНЕ САБАҚ БЕРУДЕ ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ КЕЙБІР ЖОЛДАРЫ	114
<i>Рахматов М.</i> - ВЗГЛЯДЫ ТУРАРА РЫСКУЛОВА И МУСТАФЫ ШОКАЙ НА ГОЛОД В ТУРКЕСТАНСКОЙ АССР	116
<i>Арыстанбаева А.</i> - МӘЛІК ҒАБДУЛЛИН – ҰЛТТЫҚ МҰРА ЖАРШЫСЫ	123
<i>Динара Агабекова</i> - ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОС ТІЛДЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ	126
<i>Байсариева Г.О.</i> - ОТЫРАРДЫҢ ТЕҢГЕЛЕРІ ЖӘНЕ САУДА БАЙЛАНЫСТАРЫ	129
<i>Балыкова А.М., Арыстанова Қ.</i> - ҚАЗАҚТЫҢ ӘДЕТ-ҒҰРЫП ЗАҢДАРЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ ТУРАЛЫ	133
<i>Исаев М. С.</i> - 1917-1937 ЖЖ. АРАЛЫҒЫНДА ТАРИХ ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУДЫҢ ТАРИХИ-ӘДІСНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ	136
<i>Қарақұлова Ұ.Е.</i> - АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ САНҒА БАЙЛАНЫСТЫ ФРАЗЕОЛГИЗМДЕРДІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	141
<i>Каримов Ж.А.</i> - ЯЗЫК СРЕДНЕАЗИАТСКИХ ЕВРЕЕВ	143
<i>Мырзағалиева А.</i> - БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ҚАЗАҚ ТІЛІ СӨЗ ТІРКЕСІН ОҚЫТУДА КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	146
<i>Насух Гумуш</i> - ТҮРІК ТАРИХШЫСЫ ЛОКМАН УЗЕЛ АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ТАРИХЫ ТУРАЛЫ	149
<i>Наурызбаева А.С., Ембергенов А.П., Кунназаров И.С.</i> - РОЛЬ СЕМЬИ, МАХАЛИ И ОРГАНОВ САМОУПРАВЛЕНИЯ ГРАЖДАН В ФОРМИРОВАНИИ ДЕМОКРАТИЧЕСКОГО ОБЩЕСТВА	152
<i>Нурғалиев Б., Сманова Р.</i> - ДӘСТҮРЛІ ӨНЕРДІҢ ТАБИҒАТЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІГІ	156
<i>Сабитов Т.Ж.</i> - ОХОТА И ОХОТНИЧИЙ ПРОМЫСЕЛ В КАЗАХСТАНЕ: ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ И МЕНТАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ	160
<i>Оспанова А.А.</i> - ИЕРУСАЛИМ КОРОЛЬДЫҒЫ	162
<i>Сидяхметов С.Е., Досанов Т.С.</i> - ӨЛКЕМІЗДЕН ШЫҚҚАН ТҰҢҒЫШ АРХЕОЛОГ	165
<i>Турсун Х.М., Салғараев М.Т.</i> - ИДЕНТИФИКАЦИЯ СКИФОВ С КАЗАХАМИ	168
<i>Хакан Ас</i> - МӘДЕЛІҚОЖА СҰЛТАНҚОЖАҰЛЫ МЕН ҚОҢЫРҚОЖА ҚОЖЫҚОВТЫҢ ТАРИХИ ЖЫРЛАРЫ ОРЫС ОТАРШЫЛАРЫНЫҢ ХИУАНЫ ЖАУЛАУ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕККӨЗІ	171
<i>Файзулла Г., Жасымбеков Е.</i> - ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ОРТАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР	174
	179

---

### ФИЛОСОФИЯ, ҚҰҚЫҚ, ДІНТАНУ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА СЕКЦИЯСЫ

---

<i>Матибаева Р.Б.</i> - РУКОПИСЬ АЛЬ-ХОРЕЗМИ «МАНОКИБ АБИ ХАНИФА»	183
---	-----